«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22 мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын қорытындылау.
2. Жылдық жоспардың орындалуын талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы 2024-2025 оқу жылында кеңестің атқарған жұмыстары туралы толық есеп берді. Оқу жылы ішінде жоспарланған барлық отырыстар уақытылы өткізіліп, күн тәртібіне енгізілген мәселелер толық қаралғаны айтылды.

Меңгеруші жылдық жұмыс жоспарының орындалуына талдау жасап, оқу жылы барысында жоспарланған негізгі іс-шаралардың орындалу нәтижелері туралы баяндады.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ата-аналар комитетінің төрайымы педагогикалық ұжымға балалардың қауіпсіздігі мен сапалы тәрбиесіне қосқан еңбегі үшін ризашылығын білдірді.

ҚАУЛЫ:

1. 2024-2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Жылдық жұмыс жоспары толық орындалды деп есептелсін.
3. Қоғамдық бақылау жұмыстары келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Сексенова М.Е

Хатшысы: Батаева М.

«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 13 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіру жұмыстарының жай-күйі.
2. Қайырымдылық көмектердің заңдылығы және ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі оқу жылы барысында материалдық-техникалық базаны нығайту бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады: топ бөлмелеріндегі жиһаздар жаңартылды, көрнекі оқу құралдары мен дидактикалық материалдар сатып алынды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы қайырымдылық көмектердің заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша баяндама жасады: барлық көмектер тек ерікті түрде қабылданатыны, олардың қозғалысы толық есепке алынатыны атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшелері қайырымдылық көмектердің тек ерікті түрде көрсетілуі тиіс екенін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Материалдық-техникалық базаны жетілдіру бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қайырымдылық және демеушілік көмектер тек қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылдансын.
3. Ата-аналардан міндетті түрде ақша жинауға жол берілмесін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Сексенова М.Е

Хатшысы: Батаева М.Б

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 20 қараша 2024 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жұмыстарының жай-күйі.
2. Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар.
3. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мектепке дейінгі ұйым қызметінің басым бағыты екенін атап өтті. Күн сайын балалардың денсаулық жағдайына бақылау жүргізілетіні, топ бөлмелеріндегі жабдықтардың қауіпсіздігі тұрақты тексерілетіні хабарланды.

Меңгеруші санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы туралы есеп берді: желдету режимі, кварцтау және дезинфекциялау жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес орындалатыны атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ата-аналар өкілдері балабақша аумағының тазалығы мен қауіпсіздігіне ризашылықтар білдірді.

ҚАУЛЫ:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қауіпсіздік және санитариялық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Ата-аналар арасында қауіпсіздік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Сексенова М.Е

Хатшысы: Бигаева М.Б

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бөбекжай балабақша

Қамқоршылық кеңесінің отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 18 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, балабақша меңгерушісі, ата-аналар комитетінің өкілдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Қамқоршылық кеңесінің қызметі ұйымдастырылатынын атап өтті. Кеңестің негізгі мақсаты – балабақша қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, ата-аналармен өзара ынтымақтастықты дамыту екенін айтты.

Кеңес құрамына ата-аналар қауымдастығының белсенді мүшелері, жергілікті қоғамдастық өкілдері, кәсіпкерлер, демеушілер ұсынылды. Ашық дауыс беру арқылы кеңестің төрағасы мен хатшысы сайланды.

ҚАУЛЫ:

1. Ұсынылған Қамқоршылық кеңесінің құрамы бірауыздан бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысы сайлансын.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Сексенова М.Е

Хатшысы: Батаева М.Б

Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Ережеп» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: «ЕРЕЖЕП» Сексенова М.Е

2024-2025 оқу жылына арналған

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру. 2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау. 3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету. Санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы.	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
3	Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіру. Қайырымдылық көмектердің заңдылығы және ашықтығы.	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
4	2024-2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысын қорытындылау. Жылдық жоспардың орындалуын талдау.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

Scanned with CamScanner

«Ережеп» бобекжай-балабақшасының

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАЛАРЫ
2024-2025 оқу жылы

Scanned with CamScanner